

Н. АБИШОВ¹✉, М. ЖҰБАНОВА², Г. АЙТБАЕВА², С. АЙТКУЛОВА³

¹Халықаралық туризм және меймандостық университеті
(Қазақстан, Түркістан), e-mail: abishov.nurzhan@iuth.edu.kz

²Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті
(Қазақстан, Алматы)

³І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Қазақстан, Алматы)

АУЫЛ ТУРИЗМНІҢ ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТАБЫСЫНА ӘСЕРІ: ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА

Аңдатпа. Бұл мақалада Түркістан облысы ауылдық аймақтарында ауыл туризмнің дамуы мен оның ауыл тұрғындарының табысына тигізетін ықпалы қарастырылды. Түркістан облысы табиғи-климаттық жағдайларының қолайлылығы, тарихи-мәдени ескерткіштерінің молдығы және ауыл шаруашылығының кең таралуы сияқты факторлармен ауыл туризмді дамытуға қолайлы аймақ болып саналады. Зерттеу барысында ауыл туризмнің табыс көздерін қалыптастырудағы рөлі, ауыл тұрғындарының ауыл туризмге қатысу деңгейі және ауыл туризмдегі қызметтердің экономикалық тиімділігі талданды. Жасалған жұмыстар негізінде алынған деректер ауыл туризмнің ауыл тұрғындары үшін қосымша табыс көзі ғана емес, сонымен қатар кәсіпкерлік белсенділікті дамытуға ықпал ететінін көрсетті. Ғылыми мақаланың аясында ауыл туризмнің Түркістан облысындағы ауыл тұрғындарының табысына әсерін зерттеу үшін әдебиетке шолу және салыстырмалы талдау сияқты зерттеу әдістері қолданылды. Мақалада ауыл туризмді дамытудың негізгі кедергілері мен шектеулері де атап өтіліп, оны шешу жолдары ұсынылды. Зерттеу нәтижелері ауылдық аймақтарда тұрақты табыс көздерін қалыптастыру, жұмыссыздықты азайту және өңірлік экономиканы қолдауға бағытталған нақты ұсыныстармен түйінделді. Бұл мақала ауыл туризм саласын зерттеушілерге, жергілікті билік органдарына және кәсіпкерлерге пайдалы бола алады.

Кілт сөздер: Түркістан облысы, ауыл туризм, кәсіпкерлік, табыс көзі.

Кіріспе

Қазіргі заманғы жаһандану және урбанизация үдерістері ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына елеулі әсерін тигізіп отыр. Ауыл тұрғындарының жаппай қалаларға көшуі, жұмыссыздық деңгейінің жоғарылауы, ауыл шаруашылығына тәуелділіктің артуы – бұл проблемалардың барлығы ауыл аймақтарының тұрақты дамуын қамтамасыз ету жолында жаңа, тиімді тетіктерді талап етеді. Осындай тетіктердің бірі – ауыл

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз: Абишов Н., Жұбанова М., Айтбаева Г., Айткулова С. Ауыл туризмнің жергілікті тұрғындарының табысына әсері: Түркістан облысы мысалында – 2025. –No2(8). –б. 69–85. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-2.05>

*Cite us correctly: Abishov N., Zhubanova M., Aitbaeva G., Aitkulova S. Auyl turizmnin zhergilikti turgyndarynyn tabysyna aseri: Turkistan oblysy mysalynda. [The impact of rural tourism on the income of local residents: on the example of the Turkestan region] –2025. –No2(8). –b. 69–85. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-2.05>

туризм болып табылады.

Ауыл туризм – бұл ауылдық жерде орналасқан фермалар, шаруашылықтар және ауыл тұрғындары ұсынатын туристік қызмет түрі, оның негізгі мақсаты – туристерге ауыл өмірінің тыныс-тіршілігімен танысуға мүмкіндік беру. Ауыл туризм ауыл шаруашылығы мен туризм саласының тоғысу нүктесінде орналасқан, сондықтан ол тек экономикалық пайда ғана емес, сонымен қатар мәдени және экологиялық құндылықтарды да күшейтеді [Колесников, 2017].

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, ауыл туризм дамыған елдерде ауылдық жерлердегі кәсіпкерлікті жандандырудың тиімді тәсілі ретінде қарастырылады. Мәселен, Италия, Франция, Испания және Жапония секілді елдерде ауыл туризм ауыл халқының табысының маңызды көзіне айналып отыр [Barbieri, 2013]. Lane (1994) өз зерттеуінде ауыл туризмді ауылдық аймақтарды жаңғыртудың және жергілікті экономиканы әртараптандырудың маңызды құралы ретінде сипаттайды.

Қазақстанда туризм саласын дамыту стратегиялық маңызды бағыттардың бірі ретінде қарастырылуда. ҚР Президенті тапсырмасымен қабылданған 2019–2025 жылдарға арналған Туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында ішкі және ауылдық туризмді қолдау басты басымдықтардың бірі ретінде көрсетілген. Алайда, ауыл туризм елімізде әлі де даму сатысында. Туризмнің бұл түрі өңірлерде жүйелі түрде зерттеліп, ғылыми-тәжірибелік негізде дамытуды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, Түркістан облысы ауыл туризмді дамытуда айрықша әлеуетке ие.

Түркістан облысы — Қазақстандағы ең ежелгі тарихи-мәдени аймақтардың бірі. Оның географиялық орналасуы, табиғи ландшафттарының алуандығы және ауыл шаруашылығына бейімдігі ауыл туризмді дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Облыстағы Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Қазығұрт, Түлкібас, Бәйдібек, Созақ аудандарының көрікті ауылдық аумақтары туристер үшін тартымды нысандар бола алады. Сонымен қатар, киелі Түркістан қаласының тарихи және мәдени тартымдылығы да аймаққа келетін туристер ағынын ұлғайта алады.

Жалпы алғанда, ауыл туризм ауыл тұрғындары үшін қосымша табыс көзі ғана емес, сонымен қатар жергілікті ресурстарды тиімді пайдалану, ауыл мәдениетін сақтау және ауыл өмірінің тартымдылығын арттыру құралы бола алады. Сондықтан ауыл туризмді ғылыми негізде дамыту — ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық өркендеуінің маңызды факторы болып табылады.

Зерттеу әдістері

Бұл ғылыми мақаланың аясында ауыл туризмнің Түркістан облысындағы ауыл тұрғындарының табысына әсерін зерттеу үшін әдебиетке шолу және салыстырмалы талдау сияқты зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеудің теориялық негізін құру үшін ауыл туризм тақырыбы бойынша ғылыми әдебиетке шолу жүргізілді. Әдеби шолуды жүргізу барысында әлемдік және отандық авторлардың, ғалымдардың, зерттеушілердің еңбектері негізге алынды. Сондай-ақ, салыстырмалы талдау арқылы Түркістан облысындағы ауыл туризмінің әлеуеті мен даму стратегиясын анықтау үшін халықаралық тәжірибелер мен үлгілер зерттелді.

Бұл әдістер кешені ауыл туризмнің Түркістан облысындағы ауыл тұрғындарының табысына әсерін анықтау және оның тиімділігін бағалау үшін ғылыми тұрғыдан негізделген деректерді жинауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, қолданылған әдістердің нәтижелері

ауыл туризмді дамытуға бағытталған нақты ұсыныстар мен шараларды ұсынып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етуге бағытталған саясатты анықтауға көмектесті.

Ауыл туризм ұғымы және оның маңызы

Ауыл туризм – қазіргі заманғы ауылдық туризмнің маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылатын, ауылдық жерлердегі өмір салтын, шаруашылық жүргізу әдістерін және мәдени мұраны көрсетуге негізделген туризм түрі. Аталған ұғым көптеген халықаралық және отандық зерттеушілердің еңбектерінде түрліше сипатталған.


Phillip, Hunter және Blackstock (2010) ауыл туризмді келесі бес критерий бойынша анықтайды: - ауылдық ортада өткізілуі; - ауыл шаруашылығына байланысты қызмет түрлері; - ауыл тұрғындарының тікелей қатысуы; - туристерге белсенді тәжірибе ұсыну; және - демалыс пен танымдық мақсаттағы сапарларды қамту.

Отандық зерттеушілер арасында Жұмабаева А.К. ауыл туризмді ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен қатар, оларды туристік өнім ретінде ұсыну мен ауыл тұрмысын тәжірибе ретінде ұсынудың синтезі ретінде сипаттайды [Жұмабаева, 2020]. Ол ауыл туризмнің тек экономикалық емес, сондай-ақ әлеуметтік және экологиялық аспектілерін де атап өтеді.

Ауыл туризмінің құрамдас бөлігі ретінде ауыл туризм — ауыл шаруашылығына негізделген ерекше туризм формасы ретінде танылып, туристерге ауыл өмірімен танысуға, жергілікті өнімдерді тұтынуға және дәстүрлі кәсіп түрлерімен айналысуға мүмкіндік береді. Бұл тәжірибе туристік өнімнің жаңа формасын – «эмоциялық тәжірибеге» негізделген ауылдық туризмді қалыптастырады [Kizos & Iosifides, 2007].

Ауыл туризмнің маңызын сипаттауда оның тұрақты даму тұжырымдамасымен тікелей байланысы айрықша рөл атқарады. БҰҰ Даму бағдарламасы ауылдық аумақтарда экономикалық әртараптандыруды қамтамасыз ету үшін ауыл туризм сынды балама кәсіп түрлерін дамытуды ұсынады [UNDP, 2023]. Бұл – ауыл шаруашылығына тәуелді өңірлер үшін аса маңызды.

Ауылдық аумақтардың экономикалық әлеуетін арттыруда ауыл туризмнің бірқатар артықшылықтары бар (сурет 1).



Сурет 1 – Ауыл туризмінің аймаққа экономикалық әсері
(автормен құрастырылған)

Бұған қоса, ауыл туризм экологиялық тұрақтылыққа да ықпал етеді. Көптеген агротуристтік нысандар экологиялық егіншілік, органикалық өнімдер, жасыл технологиялар сияқты тәжірибелерді қолданады. Бұл туристердің экологиялық мәдениетін дамытуға және ауылдың табиғи ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді [Barbieri & Mahoney, 2009].

Ауыл туризмнің әлеуметтік-экономикалық маңызы өте зор. Ол ауылдық аумақтарда жергілікті тұрғындардың әл-ауқатын арттырумен қатар, олардың әлеуметтік құрылымын да жетілдіреді. Ауыл туризм экономикалық тұрғыдан екі негізгі функцияға ие: біріншіден, ол ауыл тұрғындары үшін қосымша табыс көзі болып табылады, екіншіден, ол ауыл шаруашылығы мен туризмнің интеграциясын қамтамасыз етеді.

Ауыл туризмнің әлеуметтік функциялары да айтарлықтай маңызды. Бұл туризм түрі жергілікті қауымдастықтың мәдени мұрасын сақтап, оның әлеуметтік байланыстарын нығайтады. Сонымен қатар, ауыл тұрғындарының арасында ынтымақтастық пен өзара көмек көрсету жүйесін қалыптастырады. Ауыл туризмнің әлеуметтік әсерлері оның ауылдық мәдениетті сақтауға, дәстүрлерді қайта жаңғыртуға және ұрпақтар арасындағы байланыстарды нығайтуға ықпал ететіндігін көрсетеді.

Ауыл туризмнің әлеуметтік аспектілері туралы зерттеулер жүргізген авторлар ауыл туризмнің ауылда мәдени құндылықтарды сақтауда, жергілікті тұрғындардың өзіндік ерекшеліктерін насихаттауда маңызды рөл атқаратынын атап өтеді. Әр түрлі мәдениеттердің араласуы мен туристердің ауылдық өмірмен танысуы олардың экологиялық жауапкершіліктерін арттырады және табиғатты қорғауға деген көзқарастарын өзгертеді [Blackstock, 2005].

Жоғарыда қарастырылған авторлардың еңбектеріне сүйене отырып, ауыл туризміне қатысты ортақ қорытындыны тұжырымдайтын болсақ, ауыл туризмді көпқырлы құбылыс ретінде қарастырып, оның экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және мәдени мәнін жан-жақты сипаттайды. Осылайша, авторлар ауыл туризмінің **тұрақты даму, жергілікті халықтың әл-ауқаты, табиғатты қорғау және мәдени мұраның сақталуына** тікелей әсер ететін маңызды құрал екенін дәлелдеуге тырысады.

Сонымен қатар, ауыл туризмнің әлеуметтік маңызы жоғары болғанымен, оның кейбір дағдыларды меңгеру қажеттігі де жоқ емес. Мысалы, ауылдық аймақтарда ауыл туризмді дамыту барысында жергілікті тұрғындардың туризм индустриясына бейімделуі, жаңа дағдыларды меңгеруі қажет. Бұл жағдайда, қоғамдық және мемлекеттік қолдау маңызды рөл атқарады. Бұл тұрғыда мемлекет тарапынан ауыл туризмді дамыту бағдарламалары, оқыту және кадрларды дайындау курстары үлкен көмек көрсете алады.

Әлемдік тәжірибе және Қазақстандағы жағдай

Әлемде ауыл туризм көптен бері дамып келе жатқан салалардың бірі. Бұл сала негізінен ауылдық аудандарда ауыл шаруашылығын қолдау және дамыту үшін, сондай-ақ туризмді өркендету мақсатында қолданылады. Германия, Франция, Испания, Италия және Жапония сияқты елдерде ауыл туризм белсенді түрде дамыған және осы елдерде ауыл шаруашылығы мен туризм бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс істейді. Бұл елдерде ауыл туризмнің ерекше модельдері құрылып, олар ауылдық аумақтардың тұрақты дамуына, ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және жергілікті халықтың әл-ауқатын жақсартуға үлкен үлес қосуда.

Германияда ауыл туризмнің дамуы дәстүрлі ауыл шаруашылығын қолдау және ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында жүргізілуде. Германияның агротуристтік нысандары көбіне ауылдық шаруашылық өндірісін жандандырумен байланысты және бұл тәжірибе басқа елдерге де үлгі болуда [Kizos & Iosifides, 2007].

Испанияда ауыл туризм айтарлықтай табысты бағытқа айналды. Бұл елде ауыл шаруашылығы мен туризмнің үйлесімі ауылдағы экономикалық дамуды жеделдетуде. Каталония аймағында ауыл туризмнің дамуы ауыл тұрғындары үшін тұрақты табыс көзі болуда, ал туризмнің осы түрі жергілікті мәдениетті танытуда маңызды рөл атқарады

[Barbieri & Mahoney, 2009]. Испанияның ауылдық аймақтарында ауыл туризм индустриясы жұмыс орындарын құрып, аймақтық экономиканың дамуына ықпал етуде.

Италияда ауыл туризм агроөнеркәсіп пен туризмді үйлестіретін негізгі құралы ретінде пайдаланылады. Бұл елде ауыл туризм экономиканың негізгі салаларының бірі болып саналады және ауылдық аймақтарды тұрақты дамытудың басты құралы болып табылады. Италиядағы ауыл туризмнің табысты модельдері ауылдық аймақтарда мәдени, экологиялық және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған [Phillip et al., 2010].

Жапония ауылдық аумақтарда ауыл туризмнің дамуына ерекше көңіл бөледі. Бұл елде ауыл туризмді дамыту арқылы ауыл шаруашылығының өнімдерін экспорттау мен ауыл өмірін танытуға бағытталған кешенді стратегиялар жүзеге асырылуда [Barbieri, 2013].

Қазақстандағы ауыл туризмнің дамуы соңғы жылдары үлкен серпіліс алғанымен, бұл сала әлі де толыққанды дамымаған. ҚР Туризмді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламасында ауыл туризмді дамытуға арналған бірқатар шаралар көрсетілген, бірақ оның жүзеге асуы үшін көп жұмыс атқарылуы қажет. Ауыл туризмнің Қазақстандағы дамуы негізінен табиғи-экологиялық ресурстарға, мәдени мұраға және ауыл шаруашылығына байланысты болып табылады. Түркістан облысы ауыл туризмді дамыту үшін өте қолайлы аймақ болып табылады. Түркістан облысының ауыл шаруашылығының дамыған салалары мен тарихи мәдени ескерткіштері ауыл туризмді дамытуға мүмкіндік береді.

ҚР-сы Ұлттық статистика бюросының 2024 жылғы орналастыру орындарының санына талдау жасау арқылы, Түркістан облысының ауыл туризм және этнотуризм сияқты бағыттарда мүмкіндігі мол екенін дәлелдеуге болады (кесте 1).

Кесте 1 – 2024 жылғы орналастыру орындарының саны [Qazstat, 2025]

	Орналастыру орындарының саны, бірлік		
	барлығы	соның ішінде	
		қала	ауыл
Қазақстан Республикасы	4 303	2 485	1 818
Абай	318	64	254
Ақмола	369	165	204
Ақтөбе	106	77	29
Алматы	277	93	184
Батыс Қазақстан	94	67	27
Жамбыл	219	150	69
Қызылорда	165	103	62
Маңғыстау	106	78	28
Солтүстік Қазақстан	127	53	74
Түркістан	240	123	117
Шығыс Қазақстан	367	120	247

Кестеде Қазақстан Республикасы бойынша 2024 жылғы орналастыру орындарының саны көрсетілген. Жалпы ел бойынша 4 303 орналастыру орны тіркелген. **Аймақтық бөлініс бойынша:** Ең көп орналастыру орындары Астана (369), Шығыс Қазақстан (367), және Алматы (277) облыстарында орналасқан. Ауылдық аймақтарда орналастыру орындары ең көбі Абай (254), Түркістан (117), және Шығыс Қазақстан (247) облыстарында шоғырланған. Түркістан облысы бойынша 2024 жылғы орналастыру орындарының саны – 240, оның ішінде қалаларда – 123 болса, ауылдарда – 117. **Қала мен ауыл арасында тепе-теңдік бар** —

қалалық орналастыру орындарының саны ауылдықтарға өте жақын (123 және 117), бұл өңірде туризмнің тек қалада емес, ауылдық аймақтарда да белсенді дамып жатқанын көрсетеді. **Ауылдық туризм әлеуеті жоғары** — 117 ауылдық орналастыру орны Түркістан облысының агротуризм және этнотуризм сияқты бағыттарда мүмкіндігі мол екенін дәлелдейді.

ҚР-сы Ұлттық статистика бюросының курорттық аймақтардағы орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлеміне талдау жасау арқылы, ауыл туризмінің дамуы жергілікті халықтың табысын арттыруға айтарлықтай әсер етіп отырғандығын көрсетеді (кесте 2).

Кесте 2 – Курорттық аймақтардағы орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі [Qazstat, 2025]

мың теңге

	2020	2021	2022	2023	2024
қаңтар-желтоқсан					
Кур-тық аймақтар бойынша	33 582 073	58 021 430	101 699 867	130 799 897	168 265 737
Щучье-Бурабай кур. аймағы	5 389 666,2	8 880 56,2	14 878 006	18 277 462	24 148 274
Алматы курорттық аймағы	585 414,5	1 168 955,9	1 050 061,3	984 320,8	1 374 721,3
Баянауыл курорттық аймағы	69 651,5	534 749,1	1 114 277,6	1 245 109,5	1 623 827,8
Қарқаралы курорттық аймағы	322 37,1	565 625,6	625 826,4	109 330,5	102 265,6
Маңғыстау курорттық аймағы	4 115 488,1	7 030 110,7	11 135 919	14 665 069	17 519 682
Сарыағаш курорттық аймағы	39 778,4	294 610,4	317 542,2	341 661,4	474 656,0
Қостанай курорттық аймағы	21 559,1	80 788,8	135 590,9	117 381,1	265 361,5
Алтай курорттық аймағы	469 22,8	533 944,5	731 081,5	1 067 075,1	1 876 422,2
Зеренді курорттық аймағы	90 247,5	175 543,0	381 509,2	568 785,3	744 872,4
Балқаш курорттық аймағы	388 144,5	721 502,2	948 487,7	1 389 638,3	2 376 015,6
Байқоңыр туристік аймағы	1 040,0	275,0	669,0	1 672,0	890,0
Қатон-Қарағай кур. аймағы	8 185,0	33 216,3	33 079,1	54 140,8	59 262,1
Түркістан туристік аймағы	347 445,6	2 113 453,2	2 823 258,0	3 103 318,6	3 247 751,2

Түркістан туристік аймағында көрсетілген қызмет көлемі: 2020 жылы — 347,4 млн теңгеден, 2024 жылы — 3 247,8 млн теңгеге ұлғайғандығын көреміз. Бұл 9 еседен астам өсім ауылдық орналастыру орындары арқылы қызмет көрсету көлемінің де артқанын көрсетеді. Демек, ауыл тұрғындары: тұрғын үйді пансионат, қонақ үй ретінде жалға беруден, және ұлттық тағам, қолөнер бұйымдарын сатудан сондай-ақ, гид, атпен серуендету, экскурсиялық қызметтерден нақты табыс тауып отыр. Түркістан өңірінде ауыл туризмінің дамуы жергілікті

халықтың табысын арттыруға айтарлықтай әсер етіп отыр. Орналастыру орындарының ауылдарда кең таралуы мен қызмет көрсету көлемінің жыл сайын өсуі — бұл үрдісті растайды.

Әлемдік тәжірибе ауыл туризмнің ауыл шаруашылығын қолдау және ауылдық өмір салтын сақтау тұрғысынан маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Германия, Испания, Италия және Жапония сияқты елдер ауыл туризмді тиімді түрде дамыта отырып, ауыл шаруашылығы мен туризм салаларының арасындағы байланысты нығайтты. Қазақстанда, оның ішінде Түркістан облысында ауыл туризмді дамыту үшін инфрақұрылымды жақсарту, жергілікті тұрғындарды кәсіпкерлікке бейімдеу, дәстүрлі қолөнер салалары және мемлекеттік қолдау көрсету маңызды рөл атқарады.

Түркістан облысы контексіндегі ауыл туризм

Түркістан облысы Қазақстанның оңтүстік өңірінде орналасқан, табиғи-климаттық және мәдени жағынан ерекше әлеуетке ие. Бұл өңірдің ауыл туризм үшін өте қолайлы екендігін бірнеше факторлар дәлелдейді. Түркістан облысындағы ауылдық аймақтарда экологиялық туризм мен ауыл туризмді дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер бар. Облыс аумағында табиғи ескерткіштер мен тарихи орындар, сондай-ақ ауыл шаруашылығының дамыған салалары туризм индустриясын дамытудың негізі болып табылады.

Түркістан облысының құрамында 14 аудан орналасқан, олардың туристік тартымдылығы түрлі факторларға тәуелді. Мысалы, Түлкібас ауданы өзінің керемет табиғи көрінісімен туристерді тартады. Аудан жеріндегі ауылдар туристерге бау-бақша, бал өнімдерінен түрлі ұсыныстар әзірлейді. Демалыс аймақтарындағы үйлер, емдік-саулық орталықтары, бассейндер, атпен қыдыру қызметтері жолға қойылған. Қазіргі таңда трендке ене бастаған глэмпинг (шатыр) демалу қызметін ұсыну өз жалғасын табуда. Түлкібас, Төле би аудандарының ауыл тұрғындары туризмнің арқасында жұмыс, жол, көлік қатынасы мәселелерін шешуге қол жеткізгендігін айта кеткен жөн. Ауданның табиғи ландшафты жылқы шаруашылығын дамыту мен оның өнімдерін жандандыруға қолайлы факторлар туғызады. Соның бірі саумалмен емдеу орталығы болып табылады. Саумал қазіргі таңда туристер мен жергілікті тұрғындар арасында үлкен сұранысқа ие. Түлкібас ауданының әкімшілігінің хабарлауынша 2025 жылы ауданға 20 мыңнан астам туристерді тарту көзделінген және олардың 10% шетелдік болуы болжамдалынған.

Облыс аумағындағы Сауран ауданының елдімекендеріндегі тарихи ескерткіштер мен киелі орындардың орналасуын ескере отырып, онда этнографиялық бағыттағы туристік көрмелер мен шағын нарықтардың даму перспективасы жоғары болып табылады. Ауылды аймақтарда қолөнер бұйымдары мен тарихи ескерткіштердің бейнелері бейнеленген бұйымдардан тұратын көрмелер мен дүкендерді алға жылжытудың факторлары Сауран, Отырар аудандарында мәнге ие.

Түркістан облысы үшін ауыл туризмнің әлеуеті зор, себебі бұл аймақтың ауыл шаруашылығы мен табиғи ресурстары ауыл туризмді дамытуға негіз бола алады. Түркістан облысының ауылдық аумақтарында тарихи және мәдени ескерткіштердің көп болуы облыстың ауыл туризм саласын дамыту үшін зор мүмкіндік беретіндігі сөзсіз.

Қазақстандағы және Түркістан облысындағы ауыл туризм саласын зерттеген авторлар ауыл туризмнің ауыл шаруашылығы өнімдерінің сатылымын арттыруға және туризм саласының жаңа нарықтарын ашуға мүмкіндік беретінін атап өтеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанның туризм индустриясындағы перспективасы зор бағыттардың

бірі аграрлық (ауыл) туризмі болып табылады. Оның жандануы арқасында ауылды елдімекендерде орта және шағын кәсіпкерлікті дамытуға, жолдарды салу мен жөндеуге, ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу, тарихи және этнографиялық ресурстарды игеру, инновациялық технологиялардың тартылуы және жұмыссыздық мәселесінің шешілуі қамтамасыз етіледі [Қазақстан Республикасының Туризмді дамыту жөніндегі бағдарламасы, 2025]. Агротуризмді дамытудан қолжеткізілетін әлеуметтік-экономикалық факторлар төмендегі кестеде көрсетілген (кесте 3).

Кесте 3 – Ауыл туризмін дамытудың ауылдық аймақтарға әлеуметтік-экономикалық әсері [Smagulova et al., 2022]

Ауыл туризмінің элементтері	Ауылдың экономикалық әсерлері	Әлеуметтік-экономикалық нәтижелері
Өмір сүру	Өңірдің инфрақұрылымы өзгереді.	Ауыл тұрғындарының үлкен қаржылық шығындар жұмсамай кірістері мен өмір сүру деңгейлерінің артуы. Ауылды, ауылдық үй-жайлардың абаттандырудың өсуі. Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын жетілдіру. Ауылдық жерлерде жұмыспен қамту және өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейін арттырумен салық алымдары мен бюджетке түсетін түсімдерді ұлғайту. Жергілікті өндірілген тауарларға сұранысты арттыру. Капиталды тарту, оның ішінде шетелден.
Тамақтану	Ауылдың жеке сауда жүйесіндегі тамақ өнімдерінің сатылымы. Мысалы, магазиндер мен ауыл нарықтары. Жеке қосалқы шаруашылықтарда өнім өсіру.	
Ойын-сауық құру	Мәдени мекемелер мен шығармашылық ұжымдардың дамуы. Ойын-сауық және демалыс салаларында кәсіпкерліктің дамуы (қыдыру, экскурсиялар, маршруттар).	
Көлік қатынасы	Қоғамдық көліктің дамуы, такси.	
Туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Сақтандыру мекемелері, банктер. Ауылдарда ұжымшылдықтың жандануы, ұжымдық әрекеттер мен жауапкершіліктердің артуы.	

Жоғарыда аталған факторлар агротуризмді дамытудың және қолдаудың негізінде жүзеге аспақ. Жан-жануарлардың түрлерінен ферма ұйымдастыру арқылы туристерге экскурсия ұйымдастыра алатын агробизнесті құрудың тәжірбиесі Қазақстанда қалыптасып үлгерді деуге болады. Мысалы, Түркістан облысының Бәйдібек ауданында асылтұқымды гиссар қойларын өсірумен айналысатын «ДОДА» фермасындағы гиссар қойларының саны бірнеше жүзді құрайды және туристердің тамашалауына ұсынатын ерекшеліктері бар болып табылады. Облыстағы туристер үшін тартымды аудандардың бірі Бәйдібек аудан аумағында тарихи-мәдени ескерткіштермен қатар, табиғи қызықты нысандардың мол екендігі айқын. Мысалы, ауданның таулы өлкесінде орналасқан «Ақмешіт» үңгіріне жыл сайын елімізден ғана емес, шетелден де туристер ағылып келеді. Олардың бірқатарын жылқы, қой шаруашылығымен айналысатын фермалардың қызметімен танысуға бұру, мал шаруашылығының дамуына үлкен ынталандыру сыйлайтындығы сөзсіз.

Осы аталған факторларды ескере отырып, Түркістан облысындағы ауыл туризмнің даму ахуалы бойынша SWOT-талдау жасалып, нәтижелері төмендегі кестеде айқындалған

(кесте 4).

Кесте 4 – Түркістан облысындағы ауыл туризмінің даму ахуалына жүргізілген SWOT-талдау

Күшті тараптары	Әлсіз тараптары
– облыс аумағындағы керемет табиғи нысандар (Ақсу-Жабағалы, Шардара); – діни-мәдени мәндегі нысандар (Түркістан, Отырар, Домалақ Ана және т.б.); - облыс аумағындағы ауылдардың санының көптігі (841 ауылдық елдімекендер); - табиғи емдік ресурстар (Сарыағаш, емдік сулар); - бау-бақша өндірісінің үлкен қоры; - инвестиция құюға қолайлы климат және халық санының молдығы; - көлік қатынасының дамыған түрі.	- туризм инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы; - ауылдық туристік өнімді жылжыту бойынша тиімді маркетингтік іс-шаралардың болмауы; - туризмнің осы түрін дамытуға ақпараттық және басқарушылық қолдаудың болмауы; - ауыл туризмнің дамуына ықпал ететін заңнаманың жетілмегендігі; - ауылдық туризм саласындағы қызметті бастағысы келетін кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдаудың болмауы.
Мүмкіндіктері	Қатерлері
– туристерге атпен және жаяу жүру, балық аулау, аңшылық, монша және т.б. қызметтерді көрсетудің жоғарылығы; – бау-бақша алқаптарын таныстыру және жұмыс орындарын ашу; – агротуристтік сектордың қалыптасуы, өңірдің болашақтағы орнықты даму тұжырымын жетілдіруде.	- көрші елдер мен аймақтардың агротуристтік орталықтарымен болатын бәсекелестікке жауап беру; - авиа және теміржол тасымалдарының жоғары тарифтері; - ережелерді сақтамайтын туристер тарапынан табиғи ортаның ластану қауіптері.
<i>Ескерту: автор тарапынан құрастырылған</i>	

Жоғарыдағы кесте 4-те көрсетілген мәліметтер Түркістан облысында ауыл туризмді дамытудың күшті тараптары мен табиғи-шаруашылық мүмкіндіктерінің көп екендігін айқындайды. Әлсіз тараптары ретінде маркетингтік әдістердің жетілмеуі мен ақпараттық қолдаудың аз екендігін алға тартуға болады. Облыс аумағының бау-бақша өндірісіне бай екендігін ескере келе, осы саланы дамытуға көп күш жұмсау қажеттігін мойындау қажет. Табиғи ресурстарды тамашалаумен қатар, туристерге жасанды табиғи өндіріс ресурстарын көрсету және осы арқылы кіріс түсіру кезек күттірмейтін міндеттердің қатарына жатады.

Ауыл туризмнің әлеуметтік әсерлері туралы зерттеулер жүргізген авторлар ауыл туризмнің ауылдық мәдениет пен дәстүрлерді сақтауда және жергілікті тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуда маңызды рөл атқаратынын атап өтеді [Lane, 2009].

Түркістан облысындағы ауыл туризмнің дамуына бірқатар кедергілер бар. Ауылдық аймақтарда инфрақұрылымның жетіспеушілігі, қажетті кадрлардың болмауы, маркетинг пен насихаттың жеткіліксіздігі ауыл туризмнің тиімді дамуына кедергі келтіретін факторлар болып табылады. Сонымен қатар, туристік нысандарды дамыту үшін қаржылық ресурстардың тапшылығы да мәселе туғызады.

Бұған қарамастан, Түркістан облысындағы ауыл туризмнің даму перспективалары жоғары. Аймақтың тарихи және мәдени мұрасы, экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдері, ауылдық дәстүрлер мен мәдениеттің сақталуы ауыл туризм саласының дамуына

үлкен мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ауыл туризмді дамыту арқылы Түркістан облысының ауылдары экономикалық тұрғыдан дамып, әлеуметтік жағдайы жақсарады, жергілікті тұрғындардың кәсіпкерлік белсенділігі артады.


Түркістан облысындағы ауыл туризмнің даму мүмкіндіктерін пайдаланудың маңызды бағыттары:

- Түркістан облысының табиғи және мәдени ресурстарын тиімді пайдалану;
- Ауыл туризм саласында кәсіпкерлік қызметті дамыту;
- Ауыл шаруашылығы өнімдерін жаңа нарыққа шығару;
- Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту;
- Мемлекеттік қолдауды күшейту.

Бұл шаралар ауыл туризмнің Түркістан облысында дамуына және ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына ықпал ететіні сөзсіз.

Ауыл туризмнің ауыл тұрғындарының табысына әсері

Ауыл туризмін дамыту арқылы ауылдық жерлерін, оның экономикасын, оның ішіндегі ауыл шаруашылығын, қайта өңдеу өнеркәсіптерін, сонымен қоса ұлттық қолөнер кәсіптерін, ұлттық тағам түрлерін, ұлттық спорт пен ойындарын, ұлттық мереке мен той-думан түрлерін, жалпы келгенде қазақтың салт-дәстүрін де өрлете түседі. Қысқасы, бұл ауыл туризмінің құраушы элементтерінің барлығы өзара байланыста болып бір-бірін дамытады. Ауыл туризмінің кластерлік моделінің тұрақты дамуы - қаншама салаларды өзара тиімді қатыстыра дамыту арқылы үлкен табыстарға жеткізеді (сурет 2).



Сурет 2 – Ауыл туризміндегі туристік кластер моделі [Тлеубаева, 2013]

Сурет 2-де көрсетілгендей, ауылдық аумақтың ауылдық капитал құндылықтарын тиімді пайдалану арқылы ауыл шаруашылығы, өңдеуші өндірістер, ұлттық ерекшеліктер (тағамдар, салт-дәстүрлер, қолөнер және т.б.), нарық, көлік және байланыс салалары арасындағы өзара байланысты ауыл туризмінің дамуы негізінде нығайтып, тұрақты дамуға және табыстың тұрақтылығына қол жеткізуге болады.

Ауыл туризм ауыл шаруашылығы мен туризмнің тиімді байланысын қалыптастырып,

ауыл тұрғындарының табысын арттыру үшін маңызды механизм болып табылады. Ауыл туризмнің экономикаға әсері екі негізгі бағытта көрінеді: біріншіден, ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу мен туризмді дамыту арқылы қосымша табыс алу, екіншіден, ауылдық аймақтардағы инфрақұрылым мен қызмет көрсету салаларын дамыту арқылы жұмыс орындарын ашу. Осылайша, ауыл туризм ауыл экономикасының тиімділігін арттыруға және тұрғындардың тұрмыс деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Ауыл туризмнің дамуында бірқатар мәселелер бар, оларды шешу ауыл туризмнің тиімділігін арттырып, ауыл тұрғындарының табысын көтеруге мүмкіндік береді (сурет 3).



Сурет 3 – Түркістан облысындағы ауыл туризмі мәселелері (автормен құрастырылған)

Сурет 3-те көрсетілгендей Түркістан облысында ауыл туризмді дамыту үшін ең алдымен негізгі мәселелерге назар аудару қажет, олар: Инфрақұрылымның жеткіліксіздігі; Қаржылық қолдаудың жоқтығы; Білім мен біліктілік жетіспеушілігі; Құқықтық реттеу мен саясаттың жеткіліксіздігі. Бұдан басқа, Түркістан облысында ауыл туризмді дамыту үшін келесі мәселелерге де назар аудару қажеттігін қосуға болады, яғни: Маркетинг және туризм саласын жарнамалау; Экологиялық таза туризмді дамыту [Buckley, 2009].

Ауыл туризмнің дамуы Түркістан облысындағы ауыл экономикасына үлкен ықпал етеді және ауыл тұрғындарының табысын арттыруға мүмкіндік береді. Ауыл туризмді тиімді дамыту үшін инфрақұрылымды жақсарту, қаржылық қолдау, кадрлық даярлық, құқықтық реформалар мен маркетингтік стратегияларды жүзеге асыру қажет. Бұл шаралар ауыл туризмнің потенциалын толық іске асыруға және Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға ықпал етеді.

Қорытынды

Ауыл туризм – бұл ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін және ауыл тұрғындарының табысын арттыруға мүмкіндік беретін тиімді құрал. Түркістан облысындағы ауыл туризмнің дамуы тек ауыл шаруашылығын қолдап қана

қоймай, сонымен бірге экологиялық, мәдени және экономикалық тұрғыдан маңызды мүмкіндіктер ашады. Бұл бағытта жүйелі және кешенді тәсілдер арқылы ауыл туризмнің потенциалын тиімді пайдалану мүмкіндігі бар.

Түркістан облысындағы ауыл туризм саласының дамуымен шаруа қожалығының иелері жаңа жұмыс орындарын құрып, ауыл тұрғындарын маусымдық және тұрақты жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп, ауыл туризм саласында түрлі қызметтерді ұсына алады. Мысалы, ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу, туристерді қабылдау, экскурсиялар ұйымдастыру, ауылдық қолөнер бұйымдарын сату және тағы басқа. Түркістан облысында ауыл шаруашылығына қатысты және туризмге негізделген жұмыстар мен қызметтердің кеңейтілуі ауыл тұрғындарының еңбек нарығына жаңа мүмкіндік ашады. Осылайша, ауыл туризм ауылдық аймақтарда жұмыспен қамту деңгейін арттырып, әлеуметтік мәселелерді шешуге ықпал етеді.

Қазақстанда ауыл туризмді дамыту үшін инфрақұрылымдық қолдауды жақсарту, жергілікті халықты осы салаға бейімдеу және мемлекеттік қолдауды күшейту қажет. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ауыл туризмнің табысты дамуы ауылдық жерлердің инфрақұрылымын дамыту мен тұрғындардың кәсіпкерлік белсенділігін арттырумен тығыз байланысты.

Түркістан облысы ауыл туризмді дамыту үшін арнайы бағдарламалар мен жобалар дайындауды қажет етеді. Ауыл туризм саласындағы мемлекеттік қолдау мен инфрақұрылымдық жақсартулар өңірде тұрақты туризм индустриясын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түркістан облысының ауыл туризмін дамыту үшін аймақтың табиғи және мәдени ерекшеліктерін тиімді пайдалану қажет. Облыстың ауыл шаруашылығы, экологиялық туризм және мәдени мұраға негізделген ауыл туризм жобаларын жүзеге асыру ауылдық аймақтардың әлеуметтік және экономикалық дамуына оң әсерін тигізеді. Осылайша, ауыл туризм ауылдық аумақтардың тұрақты дамуына және ауыл тұрғындарының әл-ауқатының артуына ықпал етеді.

Осы зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ауыл туризм саласының дамуы үшін бірнеше маңызды бағыттарды анықтауға болады:

Біріншіден, ауыл туризмнің экономикалық тиімділігін арттыру үшін инфрақұрылымды дамыту, қаржылық қолдау көрсету, жергілікті халықты кәсіби даярлау және қажетті біліммен қамтамасыз ету маңызды. Түркістан облысындағы инфрақұрылым мәселелері, оның ішінде жолдар, көлік жүйесі, қонақ үйлер мен демалыс орындарының сапасын арттыруға ерекше назар аудару қажет. Бұл шаралар ауыл туризм саласын дамытуға және аймақтың тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, ауыл туризмді дамытуға бағытталған қаржылық және мемлекеттік қолдаудың маңызы зор. Бұл шаруа қожалығының иелері мен агробизнес өкілдеріне өз жобаларын жүзеге асыруда көмек көрсету, аймақтық деңгейде ауыл туризмнің тиімділігін арттыру үшін жеңілдетілген несиелер мен гранттар беру түрінде болуы керек. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы мен туризм саласының өзара интеграциясын қамтамасыз ету үшін арнайы заңнамалық және құқықтық шаралар қабылдау қажет.

Үшіншіден, ауыл тұрғындарына ауыл туризм бойынша кәсіби білім мен дағдыларды арттыру мақсатында оқу бағдарламалары мен курстар ұйымдастыру маңызды. Бұл ауылдық жерлерде қызмет көрсету сапасын жақсартып, туристер үшін тартымды әрі сапалы

қызметтерді ұсынуға мүмкіндік береді. Ауыл туризм саласында мамандарды даярлау, сондай-ақ экологиялық және мәдениетке бағытталған бағдарламалар жергілікті тұрғындар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Төртіншіден, ауыл туризмнің экологиялық және мәдени аспектілерін ескеру маңызды. Түркістан облысында экологиялық таза өнімдер мен қызметтерді ұсыну арқылы ауыл туризмді дамыту жергілікті табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен қоршаған ортаға зиян келтірмеуге ықпал етеді. Сонымен қатар, аймақтың мәдениетін және тарихи мұрасын сақтау арқылы туризмнің экологиялық бағытын дамытуға болады.

Авторлардың қорытынды пайымдауына аналитикалық тұрғыдан терең көз жүгіртсек, зерттеудің мәні тек ауыл туризмінің Түркістан облысындағы әлеуетін сипаттауда емес, оның әлеуметтік-экономикалық трансформация құралы ретіндегі орнын нақтылауда жатыр. Авторлар ауыл туризмін стратегиялық даму векторы ретінде қарап, оны ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, мәдениет пен экология салаларымен тығыз байланысты кешенді механизм ретінде ұсынады.

Атап айтқанда, инфрақұрылымдық және институционалдық кедергілерге қарамастан, ауыл туризмінің дамуы ауыл өмірінің жаңа экономикалық парадигмасына жол аша алатыны байқалады. Авторлар ауыл туризмін ауыл тұрғындарының табысын арттырып қана қоймай, олардың белсенділігін, өмір сапасын, әлеуметтік ұстанымдарын өзгертетін маңызды фактор ретінде қарастырады. Мұнда негізгі назар ауыл шаруашылығы өнімдерін туристік өнім ретінде ұсынуға, дәстүрлі тұрмыс пен мәдениетті экономикалық ресурсқа айналдыруға бағытталған.

Бұл зерттеу жұмысында ұсынылған шараларды жүзеге асыру ауыл туризмді дамытудағы негізгі қиындықтарды шешуге және Түркістан облысының ауылдық аймақтарының экономикасын әртараптандыруға мүмкіндік береді. Мұндай шаралар ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және аймақтың экономикасын нығайтуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, ауыл туризм Түркістан облысында ауыл шаруашылығын қолдаудың және ауыл экономикасын дамыту үшін маңызды құрал болып табылады. Тиімді дамуы үшін мемлекет, жергілікті әкімшіліктер мен жеке кәсіпкерлер бірлесіп жұмыс істеп, ауылдық аймақтардағы ауыл туризмнің даму әлеуетін толық пайдалану керек. Бұл өз кезегінде ауылдық жерлердегі өмір сапасын арттырып, аймақтық экономикаға жаңа серпін береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жұмабаева А.Қ. Агротуризм және ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы // Қазақ ауыл туризм журналы. – 2020. – № 12(1). – Б. 45–58.
2. Колесников М.Ю. Агротуризм: теория, практика и перспективы развития. – М.: Наука, 2017. – 214 с.
3. ҚР Ұлттық статистика бюросы. Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері. – 2024.
4. Қазақстан Республикасының Туризмді дамыту жөніндегі 2019–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – [Электрондық ресурс]. – Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz> (қол жеткізілген күні: 25.03.2025).
5. Barbieri C. Assessing the sustainability of agritourism in the US: a comparison between

agritourism and other farm entrepreneurial ventures // *Journal of Sustainable Tourism*. – 2013. – Vol. 21, № 2. – P. 252–270.

6. Barbieri C., Mahoney E. Farm-Based Tourism and Agritourism in the United States: A Review of the Literature // *Tourism Review International*. – 2009. – Vol. 13, № 4. – P. 289–302.

7. Blackstock K. A Critical Look at Community-based Tourism // *Tourism Management*. – 2005. – Vol. 26, № 2. – P. 232–247.

8. Buckley R. *Ecotourism: Principles and Practices*. – Oxford: CABI Publishing, 2009. – 360 p.

9. Lane B. Rural Tourism: An Overview // In: *Tourism and the Development of Rural Areas*. – Cambridge: CABI Publishing, 2009. – P. 17–25.

10. Lane B. What is rural tourism? // *Journal of Sustainable Tourism*. – 1994. – Vol. 2, № 1. – P. 7–21.

11. Kizos T., Iosifides T. Agritourism and Rural Development: The Case of the Greek Countryside // *International Journal of Tourism Research*. – 2007. – Vol. 9, № 6. – P. 391–411.

12. Phillip S., Hunter C., Blackstock K. A Typology of Rural Tourism // *Tourism Management*. – 2010. – Vol. 31, № 5. – P. 565–576.

13. United Nations Development Programme (UNDP). *Agriculture and Rural Development in the Context of Sustainable Development Goals*. – New York: UNDP, 2023. – 48 p.

14. Smagulova Sh., Yermukhanbetova A., Akimbekova G., Yessimzhanova S., Razakova D., Nurgabylov M., Zhakupova S. Prospects for Digitalization of Energy and Agro-Industrial Complex of Kazakhstan // *International Journal of Energy Economics and Policy*. – 2022. – Vol. 12, № 2. – P. 198–209.

15. Тлеубаева А.Н. Қазақстан Республикасындағы ауыл туризмі дамуының модельдері (Ақмола облысы мысалында): дис. ... магистрі / Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 124 б.

16. Qazstat. Ұлттық статистика бюросы – Туризм статистикасы [Электрондық ресурс]. – Қолжетімді: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/> (қол жеткізілген күні: 25.03.2025).

REFERENCES

1. Zhumabaeva A.K. Agroturizm zhane auyl dyk ajmaktardyn aleumettik-ekonomikalyk damuy [Agritourism and socio-economic development of rural regions] // *Kazak auyl turizm zhurnaly*. – 2020. – № 12(1). – B. 45–58.

2. Kolesnikov M.Yu. Agroturizm: teoriya, praktika i perspektivy razvitiya. [Agrotourism: theory, practice and development prospects.] – M.: Nauka, 2017. – 214 s.

3. KR Ulttyk statistika byurosy. Turkistan oblysynyn aleumettik-ekonomikalyk korsetkishteri. [National Bureau of statistics of the Republic of Kazakhstan. Socio-economic indicators of the Turkestan region.] – 2024.

4. Kazakstan Respublikasynyn Turizmdi damytu zhonindegi 2019–2025 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы. [State program of the Republic of Kazakhstan for Tourism Development for 2019-2025.] – [Elektrondyk resurs]. – Kolzhetimdi: <https://adilet.zan.kz> (kol zhetkizilgen kyini: 25.03.2025).

5. Barbieri C. Assessing the sustainability of agritourism in the US: a comparison between agritourism and other farm entrepreneurial ventures // *Journal of Sustainable Tourism*. – 2013. –

Vol. 21, № 2. – P. 252–270.

6. Barbieri C., Mahoney E. Farm-Based Tourism and Agritourism in the United States: A Review of the Literature // *Tourism Review International*. – 2009. – Vol. 13, № 4. – P. 289–302.
7. Blackstock K. A Critical Look at Community-based Tourism // *Tourism Management*. – 2005. – Vol. 26, № 2. – P. 232–247.
8. Buckley R. *Ecotourism: Principles and Practices*. – Oxford: CABI Publishing, 2009. – 360 p.
9. Lane B. Rural Tourism: An Overview // In: *Tourism and the Development of Rural Areas*. – Cambridge: CABI Publishing, 2009. – P. 17–25.
10. Lane B. What is rural tourism? // *Journal of Sustainable Tourism*. – 1994. – Vol. 2, № 1. – P. 7–21.
11. Kizos T., Iosifides T. Agritourism and Rural Development: The Case of the Greek Countryside // *International Journal of Tourism Research*. – 2007. – Vol. 9, № 6. – P. 391–411.
12. Phillip S., Hunter C., Blackstock K. A Typology of Rural Tourism // *Tourism Management*. – 2010. – Vol. 31, № 5. – P. 565–576.
13. United Nations Development Programme (UNDP). *Agriculture and Rural Development in the Context of Sustainable Development Goals*. – New York: UNDP, 2023. – 48 p.
14. Smagulova Sh., Yermukhanbetova A., Akimbekova G., Yessimzhanova S., Razakova D., Nurgabylov M., Zhakupova S. Prospects for Digitalization of Energy and Agro-Industrial Complex of Kazakhstan // *International Journal of Energy Economics and Policy*. – 2022. – Vol. 12, № 2. – P. 198–209.
15. Tleubaeva A.N. Kazakhstan Respublikasyndagy auyl turizmi damuynyn modelderi (Akmola oblysy mysalynda) [Models of rural tourism development in the Republic of Kazakhstan (on the example of Akmola region)]: dis. ... magistri / L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyk universiteti. – Nur-Sultan, 2020. – 124 b.
16. Qazstat. Ulttyk statistika byurosy [National Bureau of Statistics – tourism statistics] – Turizm statistikasy [Elektrondyk resurs]. – Kolzhetimdi: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/> (kol zhetkizilgen kyni: 25.03.2025).

Н. АБИШОВ

PhD, қауымдастырылған профессор м.а.
Халықаралық туризм және меймандостық
университеті, (Қазақстан, Түркістан)
e-mail: abishov.nurzhan@iuth.edu.kz

М. ЖУБАНОВА

ф.ғ.н., профессор
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық
қатынастар және әлем тілдері университеті
(Қазақстан, Алматы)
e-mail: m.zhubanova@ablaikhan.kz

Г. АЙТБАЕВА

ф.ғ.н., профессор
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық
қатынастар және әлем тілдері университеті
(Қазақстан, Алматы)
e-mail: z_ussen2018@mail.ru

С. АЙТКУЛОВА

экономика ғылымдарының магистрі
І. Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті, (Қазақстан, Алматы)
e-mail: sagadat84@mail.ru

01.04.2025 ж. баспаға түсті
09.05.2025 ж. түзетулермен келді
30.06.2025 ж. басып шығаруға қабылданды

N. ABISHOV¹✉, M. ZHUBANOVA², G. AITBAYEVA², S. AITKULOVA³

¹International University of Tourism and Hospitality

(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: abishov.nurzhan@iuth.edu.kz

²Kazakh University of International Relations and World Languages named after Abylai Khan (Almaty, Kazakhstan)

³Zhetysu I. Zhansugurov University (Taldykorgan, Kazakhstan)

THE IMPACT OF RURAL TOURISM ON LOCAL INCOMES: A CASE STUDY OF THE TURKISTAN REGION

Abstract. *This article explores the development of rural tourism in rural areas of the Turkistan region and its impact on the incomes of local residents. The Turkistan region is considered a favorable area for the development of rural tourism due to its advantageous natural and climatic conditions, abundance of historical and cultural landmarks, and widespread agricultural activity. The study analyzes the role of rural tourism in generating income sources, the level of participation of rural residents in rural tourism activities, and the economic efficiency of rural tourism services. The findings reveal that rural tourism not only serves as an additional source of income for rural populations but also promotes entrepreneurial activity. Within the framework of this scientific article, research methods such as literature review and comparative analysis were used to examine the effect of rural tourism on rural incomes in the Turkistan region. The article also highlights the main barriers and constraints to the development of rural tourism and proposes solutions to overcome them. The research results conclude with practical recommendations aimed at creating sustainable income sources in rural areas, reducing unemployment, and supporting regional economic development. This article may be of interest to researchers in the field of rural tourism, local government bodies, and entrepreneurs.*

Keywords: *Turkistan region, rural tourism, entrepreneurship, income source.*

Н. АБИШОВ¹✉, М. ЖУБАНОВА², Г. АЙТБАЕВА², С. АЙТКУЛОВА³

¹Международный университет туризма и гостеприимства

(Казахстан, Туркестан), e-mail: abishov.nurzhan@iuth.edu.kz

²Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана (Казахстан, Алматы)

³Жетысуский университет им. И. Жансугурова

(Казахстан, Талдыкорган)

ВЛИЯНИЕ СЕЛЬСКОГО ТУРИЗМА НА ДОХОДЫ МЕСТНЫХ ЖИТЕЛЕЙ: НА ПРИМЕРЕ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация. *В данной статье рассматривается развитие сельского туризма в сельских районах Туркестанской области и его влияние на доходы местных жителей. Туркестанская область считается благоприятным регионом для развития сельского туризма благодаря своим природно-климатическим условиям, богатству историко-культурных памятников и широкому распространению сельского хозяйства. В ходе исследования проанализирована роль сельского туризма в формировании источников дохода, уровень участия сельских жителей в агротуристической деятельности, а также экономическая эффективность агротуристических услуг. Полученные на основе*

проведённых исследований данные показали, что сельского туризм является не только дополнительным источником дохода для сельского населения, но и способствует развитию предпринимательской активности. В рамках научной статьи были использованы такие методы исследования, как обзор литературы и сравнительный анализ для изучения влияния сельского туризма на доходы сельских жителей Туркестанской области. В статье также обозначены основные барьеры и ограничения в развитии сельского туризма и предложены пути их преодоления. Результаты исследования завершены конкретными рекомендациями, направленными на формирование устойчивых источников дохода в сельской местности, снижение безработицы и поддержку региональной экономики. Данная статья может быть полезна исследователям в области сельского туризма, местным органам власти и предпринимателям.

Ключевые слова: Туркестанская область, сельский туризм, предпринимательство, источник дохода.